



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

становятся способными учитывать влияние внешних факторов, но в то же время готовы предпринимать шаги для достижения своих целей. Молодые люди стремятся реализовать свой потенциал, найти себя и построить свою ячейку общества.

Респонденты зрелого возраста необходимым условием счастья считают наличие детей и внуков, их достижения и успехи, а также материальное благосостояние. Значимыми для них также являются потребность в любви и в близком окружении. В данной группах респондентами отмечаются факторы «опыт» и «осмысленность пройденных испытаний» как определяющие в понятии счастья.

В целом же можно сказать, что подростки в большей степени зависимы от конкретных, действующих в данный момент условий, так как они связывают счастье с хорошей погодой, отсутствием обязанностей, домашних заданий, радостью и т.д. Их отличие от респондентов молодого и зрелого возраста состоит в том, что они смотрят на будущее с позиции настоящего. Их обращённость в будущее, ещё очень туманное и неопределённое, реализуется в форме мечты, в создании некой воображаемой действительности. Молодёжь, напротив, смотрит на настоящее с позиции будущего, поэтому для неё становятся важными вопросы работы, материального благополучия, здоровья и построения семьи. Респонденты зрелого возраста, оглядываясь назад, стремятся найти смысл и ценность опыта пройденного пути. В эссе нередко писали: «жить так, чтобы было что вспомнить», «ни о чем не сожалеть», «есть счастье, которое человек может оценить, только пройдя определенный жизненный путь». Сходства в представлениях о счастье в трех рассмотренных возрастных группах заключаются во мнении о том, что необходимым условием счастья является семья.

Список использованных источников:

1. Татаркевич В. О счастье и совершенстве человека. –М.: Прогресс, 1981. –368 с.
2. Дробышева Т.В. Социальное самоопределение молодёжи (научная конференция «Психология образования: проблемы и перспективы») // Психологический журнал. – 2005. –№3. –С.128–129.

УДК 327.6

ОТБАСЫМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС, ШИЕЛЕНІС САЛДАРЫН ФРАНЦИЯМЕН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Турабеков Нұржан Абдукаюмұлы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3-курс студенті
nurjanturabek.nt@gmail.com

Дүйсенбай Жансая Құдайбергенқызы

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтік жұмыс мамандығының 3-курс студенті
Jansok01@bk.ru

Ғылыми жетекшісі – Жусупова Гаухар Мусаевна

Отбасы — белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар, мінез - құлық (жүріс-тұрыс), құқық және міндеттер үлгілерімен, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады [1].

Некелік-отбасылық қатынас бүгінгі таңдағы аса маңызды қоғамдық-саяси мәселенің бірі. Отбасы- халықтың өсіп-өркендеуінде, өсіп келе жатқан ұрпақтар тәрбиесінде, ата-бабаларымыз мұра еткен саяси-әлеуметтік тәрбие мен мәдени құндылықтарды жеткізуде өте маңызды рөл атқаратын қоғамның құрамдас бөлігі. Отбасының тіршілік әрекеті экономикада, саясатта және мәдениетте жүретін процестермен байланысып, саяси-әлеуметтік шынайылықпен астарласып жатыр. Отбасы барлық кезде адами құндылықтар, ұрпақтардың мәдени және тарихи мұрасы сақталатын асыл ұя, халық әл-ауқатының

көрсеткіші ретіндегі мемлекеттің факторы болып қала бермек. Отбасының әл-ауқаты – бұл кез келген елдің дамуы мен ілгерілеуінің өлшемі. Қазіргі таңдағы отбасы мәселесі қоғамда қиын кезеңдерді басынан өткізуде. Ажырасу мен толық емес отбасылар, отбасындағы дағдарыс, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, тәрбие саласының құлдырап, қоғамдағы жат қылықтардың көбеюі, қазіргі кездегі отбасының жауапкершілігінің төмендеуі, заңсыз отбасы құру, некесіз баланың туылуы, тастанды бала, т.б. қалыптасуына әкеліп соғуда. Жағдайы қолайсыз отбасылармен жұмыс - мемлекеттің басты мәселелерінің бірі. Сондықтан сәтсіз отбасылар проблемалары – барлық азаматтардың жағдайына әсер ететін әлеуметтік мәндегі маңызды мәселелер.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «...Егер біз адамгершілігі жоғары қоғам болғымыз келсе, жұбайлардың бір-бірінің алдындағы жауапкершілігін күшейтуге тиіспіз. Ата-аналар балаларына қамқор болғанда, әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда- еліміз үшін алаңдамауға болады». (Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Ел Президентінің Қазақстан Халқына Жолдауы//) [2].

Отбасы - бұл күрделі әлеуметтік жүйе, ол бір жағынан әлеуметтік институтқа, ал екінші жағынан кіші топқа ұқсайды. Әлеуметтік институт ретінде отбасы қоғамды өзіндік қорғау және жаңа ұрпақ шығару қызметін атқарады. Қазіргі жаңа қоғамдағы қарама-қайшылықтар және оның проблемалары, қиыншылықтары отбасында көрініс алады. Француз ағартушысы Ж.Ж Руссо- «Барлық қоғамдардың ішіндегі ең ежелгі әрі жалғыз табиғи қоғам- бұл отбасы. Сонымен, отбасы- бұл, керек болса, саяси қоғамдардың бейнесі, үкімет-әке тәрізді, халық-балалары іспеттес», -деп жазды. 15 - мамыр Халықаралық отбасы күні. Бұл мейрам 1993 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясымен әр елде отбасы институтын нығайтуға бағытталған шара ретінде бекітілген. Біздің еліміз үшін отбасы мәселесі - әлеуметтік өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан да әр елдің үкіметтері, әлеуметтік саясаттың түрлі бағыттарында шаралар қолдануды басымдылыққа айналдырды. Елімізде отбасы күні алғаш рет 1994 жылдан бастап атап өтуді қолға алған. Отбасы социологиясын зерттеуді алғаш бастаған француз социологы Фредерик Пьер Ле Пле (1806-1882 жж.) және отбасы қарым-қатынасы бойынша Америка Ұлттық Кеңесінің алғашқы президенттерінің бірі-американдық социолог Эрнест Берджест (1886-1966жж.) болды. Фредерик Пьер Ле Пле қоғамдық өмірді бақылады, ал бақылау ретінде бүкіл қоғамның қарапайым моделі, торы ретінде отбасын таңдады. Сондықтан Ле Пле отбасын қалаған әлеуметтік үдерістерге қатысы бойынша оның тәуелсіз ауысуын жасап, барлық социологиялық мүдделердің ортасына қойды. Зерттеудің эмпирикалық әдісі ретінде ол, әртүрлі отбасы өмірінің сапасын көрсету ретінде отбасының бюджетін талдауды таңдап алды. Отбасының мұндай бюджеттік зерттеулері отбасының пайда болуынан ажырағанына дейінгі топталуына сүйенді, яғни шағын топ ретінде отбасының өмір ағымы тұжырымына бағытталды. С. Кратохвил дағдарыс кезеңдерін бірлескен өмір сүрудегі 4-6 және 17-25 жыл аралығында байқалатынына тоқталған. В.А. Сысенко көзқарасы бойынша, ажырасулар алғашқы 9 жылда көп кездеседі. Алғашқы екі жылда ажырасулардың болуы жастар өміріне үлкендердің араласуынан болатынына тоқталған. Бұл кезеңдер жоғары қобалжу мен дағдарыстан өтеді. Дағдарыстың мынадай кезеңдері бар: алғашқы құрсаққа түсу, жүктілік пен баланы өмірге әкелу, ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болуы, кейіннен екіншісі, осылайша уайым қайғысы аралас өмірдің жалғаса беруі. Қоғам әрқашан өзгеріп отырады, соған байланысты отбасы қарым-қатынастары, түрлері де өзгереді. Ажырасуға екінші себеп – маскүнемдік пен нашақорлық. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, сауалнамаға қатысқандадың 51 пайызының ойынша отбасының шырқы дәл осы себеппен бұзылатын көрінеді. Ары қарайғы орындарда ажырасуға түрткі болатын мыналар екен: әлеуметтік жағдайы (баспананың болмауы) – 41%, жас жұбайлардың отбасылық өмірге әлі де болса дайын болмауы – 31%, тұрмыстық жағдайының төмендігі – 29%, туыстар арасындағы түсініспеушілік – 18%, нәрестенің болмауы – 10%. [3].

Мәселелі отбасы деп- өмір жолдарындағы ерекше қиындықтағы жағдайлар пайда болып, некенің тұрақтылығына соққы әкелетін (мысалы, баспананың болмауы, жұбайлардың

біреуінің ауыр немесе ұзақ мерзімді ауруға шалдығуы, отбасын қамтамасыз етуге қажетті қаражаттың жоқтығы, қылмыс жасап бас бостандығынан ұзақ мерзімге айырылу және тағы басқа сияқты болатын өмірлік жағдайлар) мәселелері бар отбасыларын айтамыз. Қазіргі таңда көптеген отбасылар мемлекеттік әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің тарапынан көмекті қажет етеді. Осындай отбасыларға төмендегілерді жатқызуға болады:

- босқындар мен мәжбүрлі көшіп-қонушы отбасылар;
- аз қамтамасыз етілген отбасылар;
- құрамында мүгедегі бар отбасылар;
- көп балалы отбасылар;
- толық емес отбасылар;
- жұмыссыз азаматтардың отбасылары;
- қиын баласы бар отбасы;
- қақтығысты отбасылар, ата-ана, бала қатынасының бұзылуы;
- ішімдікке салынған отбасылар;

Жалпы, ерлі - зайыптылардың көзқарастарында өмірдің түрлі аспектілері жөнінде ұқсастық көп болса, соғұрлым олардың некелері берік әрі табысты болмақ. Зерттеулерге жүгінсек, ажырасқан отбасында ата – аналарымен қоса балаларының да мінез - құлығы өзгеретіні салыстырмалы түрде анықталған. Ажырасқан ата-ананың балалары ерте есейеді, өз үйлерін ерте тастап, өз отбасын құрып, балалы болуға асығады. Жалпы отбасы екі көрсеткіштен құрылады: махаббат және есеп бойынша. Зерттеушілердің айтуынша, махаббатқа негізделген отбасы 70-75% екен. Олардың жартысы бірінші отбасылық дағдарыста (1 жыл) бұзылады, екіншіден, келесі бес жыл ішінде бұзылады екен. Маркс Люшердің айтуынша: «Нағыз махаббат- өнер, ол басқалар секілді уақытпен тексеріліп, жаттығуы тиіс. Одан басқа жұбайлардың әрқайсысы өзіне отбасылық өмірге бағыт-бағдар мен басқа адаммен іргелес өмір сүруге қабілетті болу керек» [2].

Қақтығыс - бұл ойларының (көзқарастардың, бағалауы және т.б.) және мотивтерінің (қажеттілік, қызығушылық, мақсаты, идеал және т.б) қарама-қайшылыққа келген әлеуметтік ортадағы субъектілер арасындағы қарым-қатынас. Қақтығыс - қоғамдық өмірде пайда болатын әлеуметтік процесс. Қақтығыс - саналы әрекет арқылы жүзеге асады және оны қоғамдық өмірде адамдар арасындағы болатын әлеуметтік жүйе, процесс және қарым-қатынас формасы. Отбасы қақтығыстарының конструктивті және эмоционалды пайда болу себептерін, яғни қақтығыс объектісін анықтау қиын. Оларды шешу үшін, оның негізгі шынайы себебінің басын ашу керек. Жалпы қақтығыс себептері екіге бөлінеді: эмоционалды және эмсционалды емес. Эмоционалды себептерден пайда болатын қақтығыстарды ерлі-зайыптылар шеше алмайды, оларға көп жағдайда олардың жолдастары, туыстары және т.б. араша адам көмектесе алады [1].

Ажырасу дегеніміз - некені ресми түрде бұзу. Қазіргі кезде бүкіл әлемде ерлі-зайыптылық пен отбасы мәселелеріне баса көңіл бөлу ажырасу деңгейінің жоғарылауына байланысты болып отыр. Өзгеріп отыратын қоғам жағдайында біздің елімізде ажырасу деңгейіне әсер еткен себептер мынадай: әйелдердің кәсіптік қызметке жаппай кірісуі, діннің өз күшін жоғалтуы, халықтың білімділігінің және жалпы мәдениетінің едәуір артуы, соның нәтижесінде некеге деген талаптың көтерілуі, ажырасуға қатысты заң нормаларының әлсіздігі, жыныстық моральдың бұрмалануы. Ажырасу көрсеткіші бүгінгі таңда көбіне 30 – 40 жас аралығындағы ерлі-зайыптылардың арасында орын алады екен. Оның басты себебі, бұл кезде отбасын асырау әсіресе тұрақты жұмысы жоқ адамдарға қиын тиеді. Ал тұрмысы бақуатты адамдар арасында ажырасу кемде-кем. Сондай-ақ жаңадан отау құрған жас жұбайларда да ажырасу аз, өйткені жаңағыдай мәселелер бала-шаға есейе бастаған шақта пайда болады. Көп елдер отбасы мәселесін мемлекет деңгейіне көтеріп, тиісті қаражат бөліп, осы салада туындаған мәселелерді шешу арқылы белгілі нәтижелерге қол жеткізіп отыр. Мысалы, Франция – өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап бала тууды жоғарылатуға

бағытталған белсенді демографиялық саясат жүргізіп келе жатқан ел. Айтар болсақ, 1967 жылға дейін контрацептивтерді сатуға, 1975 жылға дейін аборт жасатуға тыйым салған [4].

1946 жылы Францияда бірінші, екінші және әсіресе, үшінші баланың тууын көтермелеу саясатын ұстанып, осы бағытта отбасыларға ақшалай төлемдер мен салық жеңілдіктері тәжірибеге енгізілді. Соның арқасында 80-ші жылдардың ортасында Батыс Еуропа елдерінің ішінде Франция бала туудың ең жоғары – 1,8 -1,9 жиынтық коэффициентіне ие болып, халық саны жыл сайын 0,3-0,4 пайыз өсті. Францияның отбасылық саясатының қазіргі шаралары балалары бар отбасыларының материалдық жағдайына айтарлықтай ықпал етеді. Балаға базалық жәрдемақы Францияда тұратын және елде өмір сүретін 20 жасқа дейінгі баланың азаматтығына қарай кемінде екі баласы бар барлық адамдарға тағайындалады.

Басқа елдердегідей, Франциядағы некелік жұптардың жартысы ажырасумен аяқталады. Орташа алғанда, бұл жылына 130 мыңға жуық ажырасу деңгейін құрайды. Ажырасулар саны ұлы француз төңкерісі дәуірінде ресми түрде шешілгеннен бері өсіп келе жатқан жоқ. Көптеген ажырасулардың бастамасы әйелдерден келеді. Дегенмен, олардың жартысынан көбі «өзара келісім бойынша» жасалады, бұл кемшіліктерді азайтады. Француздар өздерінің жұбайларын өзгеге көп айырбастамайды, немесе зиян тигізбейді, бірақ конфликттік созылулардан аулақ болуға және осы мәселені тез жоюға тырысады. Ажырасу барысында жұбайыңыздың нақты кінәсін дәлелдеу арқылы сот шешімі шығады, мысалы шабуылға ұшыраған жағдайда. Содан кейін судья шындыққа қаншалықты сәйкес келетінін шешеді және материалдық өтемақы тағайындайды. Көптеген отбасыларда балалар ерлі-зайыптылардың алғашқы некелерінен тұрады. Франция - ең дамыған және кең ауқымды отбасылық саясатты жүзеге асыратын елдердің бірі, оның ең маңызды бөлігі отбасылық жәрдемақы жүйесі мен көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету болып табылады. Барлық төлемдердің 43-46% көп балалы отбасыларға арналған. Отбасылық саясат ата-аналарға жұмыс пен отбасылық өмір арасындағы тепе-теңдікті табуға көмектесуге арналған. Отбасыларды қолдау саласында мемлекеттік органдар қабылдаған шаралардың үйлесуі тиімді болып шықты: Франция - балалардың туу деңгейі жоғары және жұмыспен қамтылу деңгейі ең жоғары Еуропалық Одаққа мүше мемлекеттердің бірі. Балаларды тәрбиелеу процесінде әкелерді тарту, сондай-ақ әйелге нақты таңдау жасау - жұмыс істеу немесе балаларды тәрбиелеу - Францияның отбасылық саясатының негізгі аспектілері. Францияда әлемнің басқа елдеріндегідей отбасылық мәселелерді шешудің үш негізгі тәсілі болды:

1. Контрацепция және абортқа қол жеткізуді шектеу;
2. Балаларды туған кезде отбасыларына экономикалық ынталандыру - аналық демалыс, әртүрлі жеңілдіктер және т.б;
3. Отбасылық құндылықтарды насихаттау [5].

Франциядағы отбасын әлеуметтік қолдау моделі өте тиімді, бірақ біздің елімізде бұл тәжірибені қолдану үшін материалдық, құқықтық, ұйымдастырушылық, ғылыми және әдістемелік база жеткіліксіз болып табылады

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://infourok.ru/otbasi-leumettik-top-retinde-283243.html>
2. <https://www.kazedu.kz/referat/201400>
3. <http://kazgazeta.kz/?p=3767>
4. <http://family-abc.ru/etnografiya-semi/item/75-frantsuzskaya-semya>
5. http://avocatboychenko.com/ru/razvod_fo_francii.html?gclid=EA1aIQobChMIg5O66eu82gIVnIKyCh0ggwQAEAAAYASAAEgJ77fD_BwE